

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

НА 180 ГРАДУСОВ ВПЕРЁД:

РАБОТА УНИВЕРСИТЕТА В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ



4-5 стр

Фото из архива

Осы санда



6-6

ҚАЗАҚА АБАЙДАН ЖАҚЫН
ТҰЛҒА ЖОҚ



ЕЕ БУДУЩЕЕ
В НАУКЕ

14-стр

УХОД ЗА КОЖЕЙ РУК
...В ПЕРИОД ПАНДЕМИИ



16-стр

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

ЖАЗҒЫ СЕССИЯ ONLINE ЖҮЙЕСІНДЕ ӨТЕДІ

Жұбанов университетінің ректоры Бауржан Ердембеков пен оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Бибігүл Абенова ZOOM платформасы, @zhubanova_pressa, @zhubanova_university инстаграм ресми парақшалары арқылы арқылы 2019-2020 оқу жылының жазғы сессиясы мен қорытынды мемлекеттік аттестаттауды өткізу туралы онлайн-кездесу өткізді. Кездесуге барлық құрылым басшылары, профессор-оқытушы құрам және студенттер қатысты.

Олар жазғы сессия мен аралық аттестаттау бағалау механизмі арқылы рәсімделетінін баяндады. Сонымен қатар оқу нәтижелерінің жетістіктері пәннің жұмыс оқу бағдарламаларына, силлабустарына сәйкес білім алушылардың ағымдық бақылау көрсеткіштері негізінде бағаланады. Бағалау механизмі арқылы рәсімдеумен келіспеген жағдайда студент өтініші негізінде тиесілі пән бойынша ауызша онлайн емтихан тапсырады. Ал, «Қазақстанның қазіргі замандағы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан компьютерлік тест формасында («Univer» АБК) жүргізіледі.

Бітіруші студенттердің диплом жобалары қашықтан онлайн форматта Zoom, meet.jit.si платформасы арқылы қорғалатын болды және білім бағдарламасы бойынша кешенді емтихан өткізілмейді. Кешенді емтихан базалық пәндер бойынша қойылған бағалар негізінде жиынтық бағалау арқылы рәсімделеді. Сондай-ақ, бейіндік пәндер бойынша мемлекеттік емтихандар ауызша онлайн формада (Zoom, meet.jit.si) тапсырылады.

ЛЕТНЯЯ СЕССИЯ БУДЕТ ПРОХОДИТЬ ОНЛАЙН

Ректор Университета Жубанова Бауржан Ердембеков и проректор по учебной работе Бибигуль Абенова провели онлайн-встречу о летней сессии 2019-2020 учебного года и итоговой государственной аттестации на платформе ZOOM, на официальных страницах Instagram @zhubanova_pressa, @zhubanova_university. Во встрече участвовали руководители всех кафедр, профессорско-преподавательский состав и студенты. Они сообщили, что летняя сессия и промежуточная аттеста-

ция будут оформлены через механизм оценки. Кроме того, достижение результатов обучения оценивается на основе текущих контрольных показателей учащихся в соответствии с рабочими учебными планами и учебными планами. При несогласии студента с результатом механизма оценки, по его заявлению будет проведен онлайн устный экзамен.

Государственный экзамен по предмету «Современная история Казахстана» проведут в форме компьютерного теста («Univer» АБК). Дипломные работы выпускников будут защищены дистанционно в режиме онлайн через платформу Zoom, meet.jit.si, в образовательной программе не будет никаких комплексных экзаменов. За итог комплексного экзамена будет взята средняя оценка всех базовых дисциплин. А государственные экзамены по профильным предметам будут приниматься в устной форме онлайн (Zoom, meet.jit.si).

SUMMER EXAMINATION SESSIONS WILL BE HELD ONLINE

Rector of Zhubanov University Baurzhan Erdembekov and Vice-Rector for Academic Affairs Bibigul Abenova held an online meeting about the summer examination sessions of the 2019-2020 academic year and Final state attestation on the ZOOM platform, on the official Instagram pages @zhubanova_pressa, @zhubanova_university.

The meeting was attended by the heads of all departments, academic teaching staff and students. They reported that the summer examination sessions and midterm attestation will be organized through an assessment mechanism. In addition, the achievement of learning outcomes is assessed on the basis of students' current benchmarks in accordance with working curricula and syllabuses. If the student disagrees with the result of the assessment mechanism, an online oral exam will be held at his request. The state exam on the subject "Modern History of Kazakhstan" will be held in the form of a computer-based test ("Univer" АБК). Degree works of graduates will be defended remotely online through the Zoom platform, meet.jit.si, and there will be no comprehensive exams in the educational program. The result of a comprehensive exam will be the average score of all basic disciplines. And state exams in specialized subjects will be taken orally online (Zoom, meet.jit.si).

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев twitter парақшасында 12-сәуір халықаралық ғарышкерлер күніне байланысты лебізімен бөлісті. «Әлемдік ғарыш саласының дамуына қосқан Қазақстанның үлесі айқын. Байқоңыр - адамзаттың ғарыш кеңістігін игеру нышаны. Қазақ ғарышкерлерімен мақтанамыз», - деп жазды Мемлекет басшысы.

Қазақ егемендік алғалы аспан көгіне 3 батырын ұшырды. Еліміздің тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров әлемнің 256-шы, Талғат Мұсабаев әлемнің 309-шы, Айдын Аймамбетов әлемнің 545-ші ғарышкері болып саналады.

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ПОЗДРАВИЛ С МЕЖДУНАРОДНЫМ ДНЕМ КОСМОНАВТИКИ

Касым-Жомарт Токаев поделился своими мыслями в международный День космонавтики 12 апреля на своей странице в Твиттере. «Вклад Казахстана в развитие мировой космической отрасли очевиден. Байконур является символом освоения человеком космоса. Мы гордимся казахскими космонавтами», - сказал президент.

Со времен независимости Казахстана 3 героя побывали на земной орбите. Первый космонавт страны Тоқтар Аубакиров - 256-й в мире, Талғат Мұсабаев - 309-й в мире, Айдын Аймамбетов - 545-й в мире.

HEAD OF STATE CONGRATULATES ON INTERNATIONAL COSMONAUTICS DAY

Kassym-Zhomart Tokaev shared his thoughts on the International Cosmonautics Day on April 12 on his Twitter page. "The contribution of Kazakhstan to the development of the global space industry is obvious. Baikonur is a symbol of human space exploration. We are proud of the Kazakh cosmonauts," the president said. Since the independence of Kazakhstan, 3 heroes have been in Earth orbit. The country's first cosmonaut Toktar Aubakirov is the 256th in the world, Talgat Musabaev is the 309th in the world, Aydin Aimbetov is the 545th in the world.

КАНИКУЛ АУЫСПАЙДЫ

ҚР білім және ғылым министрлігі әлемдік індетке байланысты орын алып отырған жағдайларға қатысты оқушылардың жазғы каникул мерзімі ауыспайтынын мәлімдеді. Ведомство басшысы Асхат Аймағамбетов онлайн-брифингте бұл туралы қойылған сұраққа осылай нақты жауап берді.

Қазақстан оқушылары 16 наурыз бен 5 сәуір аралығында көктемгі демалыстарын өткізіп, карантин кезінде төртінші тоқсанды қашықтан оқып жатыр.

Сабақтар «Ел арна», «Балапан», Qazaq radiosy», интернет ресурстары және электронды пошта арқылы жүргізілуде. Айта кетсек, республикадағы оқушылар саны бүгінде 3,2 млн-ды құрайды.

КАНИКУЛЫ НЕ ПЕРЕНОСЯТСЯ

Министерство образования и науки Республики Казахстан заявило, что из-за глобальной пандемии летние каникулы школьников не переносятся. Руководитель ведомства Асхат Аймағамбетов ответил

на вопрос в ходе онлайн-брифинга. Ученики в Казахстане провели свои весенние каникулы с 16 марта по 5 апреля, продолжив обучение в четвертой четверти дистанционно во время карантина. Занятия проводятся посредством «Ел Арна», «Балапан», «Qazaq radiosy», интернет-ресурсов и электронной почты. Следует отметить, что на сегодня в стране насчитывается 3,2 миллиона школьников.

HOLIDAYS ARE NOT RESCHEDULED

The Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan stated that due to the global pandemic, the summer holidays of schoolchildren are not rescheduled. Head of the department Askhat Aymagambetov answered the question during an online briefing. Pupils in Kazakhstan spent their spring break from March 16 to April 5, continuing their studies in the fourth quarter remotely during quarantine. Lessons are taught through "El Arna", "Balapan", "Qazaq radiosy", Internet resources and e-mail. It should be noted that there are 3.2 million pupils today in the country.

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

ҚАШЫҚТАН ОҚИТУ КЕЗІНДЕГІ СТУДЕНТ ЕРЛІГІ

Жұбанов университетінің «Құрылыс» мамандығында оқитын 2 курс студенті Нұржан Рашид кішкентай ауылда-сын өлімнен құтқарды. Ырғыз өзенінің жағасында ойнап жүрген бала суға құлап, ағыс екпіні оны 8 метрдей алысқа алып кеткен. Бақытына орай сол жерде Нұржан кетіп барады. Көмек сұраған дауысты естіген ол ойланбастан өзенге тап беріп, 2,3 метр тереңдіктен баланы алып шығады. Алғашқы медициналық көмек те көрсетеді. Қазір 5 жасар балақай Абайдың өміріне қауіп жоқ. Ауруханадан шықты, жағдайы қалыпты. Студент Нұржан Рашид жасаған қарекетін ерлік деп санамайды, адамдық борыш деп есептейді. Жағымды жаңалықты бірінші болып естіген ректор Бауыржан Ердембеков Нұржан Рашидты университеттің Ғылыми кеңесіне Құдайберген Жұбанов атындағы стипендияға және «Үздік студент» медаліне ұсынды.

Алдағы мамыр айының соңында 19 жасқа толатын студент мемлекеттік грантта оқиды, көп балалы отбасынан шыққан. Теннис спортымен шұғылданады, жүлделері бар. Гитарамен ән айтқанды ұна-

тады. Жақсы оқиды. Тәртібі түзу, достары арасында абыройлы. Әлемдік коронавирус пандемиясы кезінде Нұржан қазір туған жері — Ырғызда қашықтан білім алып жатыр.

ГЕРОИЧЕСКИЙ ПОСТУПОК СТУДЕНТА НА ДИСТАНЦИОННОМ ОБУЧЕНИИ

Нуржан Рашид студент второго курса университета им.Жубанова по специальности «Строительство», спас своего маленького односельчанина от смерти. Мальчик, играющий у реки Иргиз, упал в воду и был унесен течением на 8 метров от берега. К счастью, Нуржан проходил рядом. Услышав голос, зовущий на помощь, он без колебаний побежал к реке и вытащил мальчика с глубины 2-3 метров. Он также оказал первую помощь. Теперь жизни ребенка ничто не угрожает. Его доставили в больницу, состояние стабильное. Студент Нуржан Рашид не считает свои действия подвигом, это обязанность человека. Ректор Бауржан Ердембеков, первым услышав хорошие новости, предложил в ходе ученого совета назначить Нуржану Рашиду стипендию имени Ку-



дайбергено Жубанова и наградить медалью «Лучший студент».

Студент, которому в конце мая исполнится 19 лет, учится по государственному гранту, вышел из многодетной семьи. Он играет в теннис, есть награды. Любит петь с гитарой. Хорошо учится, послушен в поведении, уважаем среди друзей. Во время глобальной пандемии коронавируса Нуржан дистанцион-

но учится в своем родном селе Иргиз.

THE HEROIC ACT OF A STUDENT IN DISTANCE LEARNING

Nurzhan Rashid is a second-year student of Zhubanov University, specializing in "Construction", saved his little fellow villager from death. A boy playing by the Irgiz River fell into the water and was carried away by the current for 8 meters from the shore. Fortunately, Nurzhan passed nearby. Hearing a voice calling for help, he without hesitation ran to the river and pulled the boy from a depth of 2-3 meters. He also administered first aid. Now nothing threatens the life of the child. He was taken to the hospital, his condition is stable. Student Nurzhan Rashid does not consider his actions a feat, it is a person's duty. Rector Baurzhan Erdembekov was the first to hear the good news, and proposed during the Academic Council to appoint a scholarship named after Kudaiberger Zhubanov to Nurzhan Rashid and to award the medal "Prize Student". The student, who will be 19 at the end of May, is an owner of a scholarship and has a large family. He plays tennis, he has rewards. He likes to sing with a guitar. He studies well, he is obedient and respected among friends. During the global pandemic of the coronavirus, Nurzhan remotely studies in his native village Irgiz.



✓ Ақ ағамы

✓ Человек месяца

✓ Person of the month

НА 180 ГРАДУСОВ ВПЕРЕД:

РАБОТА УНИВЕРСИТЕТА В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ

До середины марта казахстанцы надеялись, что пандемия коронавируса обойдет страну стороной. Все же нам пришлось, как и всему миру, принять вызов от коварной инфекции. Быстрая реакция властей во главе с президентом К.Токаевым позволила контролировать темпы распространения COVID-19 на территории Казахстана. Режим Чрезвычайного положения, объявление карантина в крупных городах, самоизоляция - мы видим плюсы такой политики. Экстренные меры повлияли на все сферы деятельности. Максимально мобилизоваться пришлось и образованию. В апреле я провел прямую трансляцию в сети Инстаграм, где рассказал коллегам и обучающимся о работе университета с первых часов ЧП, поделился с задачами на ближайшее время.

Изоляция во благо

13 марта мы узнали о выявлении в стране первого случая коронавируса. Это была пятница. Я понял, что нужно действовать во благо. Провел рабочее совещание, объявил масочный режим, поручил всем руководителям разработать план по роспуску персонала и обучающихся. Более 13 000 студентов и 1000 сотрудников - ведь их здоровье и даже жизни были на моих плечах. Как только ввели режим ЧП и спустили с МОН РК рекомендации по его соблюдению, стар-

и супермаркеты, и организации общепита. Буквально за 3-4 дня смогли справиться с задачей, что непременно обезопасило студентов.

Что касается персонала. Старшее поколение сразу перевели на удаленную работу. Дальше образовали списки, кого можно отпустить на оплачиваемый отпуск, а кто продолжит трудиться дистанционно. Последним пришлось подготовиться: запись видеолекций, загрузка контента, мониторинг занятий по расписаниям, организация онлайн обучения и др. К началу официаль-



ся. Центр международного сотрудничества постоянно на связи и при необходимости организует весь маршрут их транзита.

Дистанционный университет

Университет Жубанова перешел на дистанционный режим за один день.


При имеющемся опыте по дистанционному обучению, мы столкнулись с трудностями. Сложно подключить к работе более 10 тысяч обучающихся, соблюдая расписание. Ведь есть у нас и студенты, и магистранты, и докторанты. Пришлось загруженные в системе «Univer» более двух тысяч силлабусов привязать к учебным группам, загрузить в систему «Univer» задания для студентов на предстоящие 8 недель, усилить работу электронной библиотеки. Сейчас, при имеющемся полутора миллионном книжном фонде, 40% - электронные ресурсы. Видеолекции по каждой дисциплине расположены на YouTube каналах факультетов. Записано 50 лучших лекций преподавателей вуза в формате Массовых открытых онлайн курсов, половина которых расположена на официальной платформе. Онлайн курсы записываются на Web лаборатории MOOK университета. Преподавателями освоены стриминговый сервис ZOOM, платформа meet.jit.si, с использованием которых осуществляется учебный процесс при дистанционном обучении.

Услуги по приему и выдаче документов, вплоть до заявлений на отпуска от сотрудников, предоставляются Центром обслуживания студентов «Темірқазық» с помощью мобильного приложения «SMART ARSU». Они модернизируются по ходу действий в новых условиях. Сам же процесс дистанционного обучения быстро систематизировался. За считанное время решили проблему отсутствия у студентов из села интернета. Из 100 таких случаев осталось лишь 20. Остальные по согласованию руководства университета с местными исполнительными органами занимаются в районных акматах и школах. Успешно провели промежуточные рейтинги онлайн. Начали углубленно познавать возможности ZOOM. Акцентируем внимание и на offline обучении. Перекрестные лекции с профессорами КазЖенНПУ, КазНПУ имени Абая, вебинары наших ученых, «Неделя науки» с её семинарами и конкурсами - все это тоже отнесем к успехам дистанционного образования университета Жубанова.

Обратная связь 24/7

С начала карантина в Актобе мы запустили серию прямых эфиров в социальных сетях с деканами факультетов, заведующими кафедрами.

Очень много вопросов поступало от студентов по образовательному процессу и



товала работа по отправке домой всех иногородних и иностранных обучающихся, а также студентов из других регионов. Вопрос в общежитиях решался быстрее. А вот с теми, кто арендовал квартиры, пришлось работать индивидуально. Многие хотели остаться из-за работы. Выходили на работодателей - это

ного карантина, это 31 марта, все сотрудники работали из дома. Еще одна проблема, требовавшая особого внимания - возврат студентов, находящихся за рубежом по программе академической мобильности. На начало ЧП их было больше 100. На сегодня 43 наших обучающихся на территории Турции и Польши. Каждый день их решение может менять-

социальным вопросам. Также работает Call-центр, куда на период пандемии закрепили дополнительные контакты. Ежедневно деканы факультетов и руководители структурных подразделений отвечают на звонки обучающихся и их родителей. Студенты знают мобильные номера кураторов учебных групп и эдвайзеров специальностей. И решать возникшие проблемы эти сотрудники должны в режиме 24/7.

Реальная поддержка

Мы решили дать отсрочку по оплате за обучение студентам на один, полтора и два месяца в тех случаях, когда их родители потеряли заработок в связи с введенными ограничениями. Для этого нужно лишь оповестить декана, который дальше отрабатывает проблему с бухгалтерией. По общежитиям. Для студентов выпускных курсов проведем перерасчет по месяцам, когда они находились дома. Осуществим возврат средств. Для остальных, оплата переходит на следующий учебный год.

Сотрудникам университета своевременно выплачивается за-

щим в удаленном режиме, решено использовать оргтехнику университета для работы в домашних условиях. Все для безопасности сотрудников.

Солидарность и единство на деле

Сейчас социальные сети заполнены видео под эгидой «Birgemiz». Все стали певцами, спортсменами на период карантина. Это, конечно, хорошо. Но само единство должно доказываться на деле.

Университет Жубанова запустил услуги IT-волонтеров. Лучшие из будущих юристов и психологов помогают населению решить некоторые возникшие проблемы. Например, первые регистрируют заявки граждан на получение соцпакетов, те же «42 500», которые по телефону организуют сеансы для людей с апатиями и депрессиями в связи с карантином, болезнью родственников. Также мы идем навстречу государственным органам по размещению контактных лиц с зараженными КВИ в общежитиях университета. 6 актюбинцев уже были у нас. К счастью, они оказались здоровыми. Весь процесс



приему государственных экзаменов посредством стриминговых сервисов, онлайн платформ. Конечно, уведоим всех студентов за месяц. Если будет затяжной карантин, придется и выдачу дипломов провести онлайн. Благо есть опыт. Совсем недавно все документальные запросы отчисленных студентов из Узбекистана мы выполнили дистанционно и в срок. Все же подготовка дополнительная нужна. Решен вопрос с завершением производственной практики, распределением выпускников в онлайн режиме. Разрешена проблема с обучением творческих специальностей «Хореография», «Физическая культура и спорт», «Дизайн». Здесь требовалось быстрое реагирование. Мы переживаем новые рубежи,

которые должны пройти вместе. Но основным остается сейчас здоровье. Здоровье академиков, профессоров, доцентов, преподавателей, сотрудников профильных ведомств вуза, студентов и техперсонала. В рутине всей этой работы я нахожу место для грусти. Мне очень тяжело видеть пустые аудитории и корпуса, не слышать привычный шум на перерывах. Я желаю всем нам пройти это испытание. Надеюсь, что вскоре все вернется на свои места и мы получим возможность ярко отпраздновать 85-летие университета Жубанова.

Бауыржан Ердембеков
Ректор АРГУ имени
К.Жубанова



работная плата в 100% размере. В марте месяце дважды были начислены и выданы всем работникам премии в размере ежемесячного оклада. Профсоюзный комитет университета наделен полномочиями своевременно направлять обращения сотрудников в случае возникновения материальных нужд на рассмотрение бюджетной комиссии для решения вопроса об оказании социальной помощи в рамках поддержки сотрудников. Наши коллеги, в чьи функциональные обязанности входит обеспечение жизнедеятельности университета, обеспечены многократными масками, изготовленными в швейной мастерской вуза и другими необходимыми средствами санитарной защиты, предупреждающие заражение вирусом - перчатками, санитайзерами, дезинфицирующими средствами. С целью минимизации риска в период ЧП сотрудникам, работаю-

ведут врачи-эпидемиологи. Сотрудники университета туда не допускаются. После выписки контактировавших, в здании провели дезинфекцию. Я хочу успокоить студентов, которые проживают в общежитиях. Я лично слежу за действиями, разворачивающимися там. У нас стоят камеры, если случится какая-то неприятность, проверим записи.

Задачи

Президент Касым-Жомарт Токаев продлил режим Чрезвычайного положения и карантин до конца апреля. Но когда удастся справиться с распространением инфекции никто не знает. Надеюсь на лучшее, мы должны решить заранее ряд задач. Сейчас рассматриваем вопросы промежуточной и итоговой государственной аттестации обучающихся, разрабатываем программы по

КАСБИ БАҒДАР БЕРУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫ БӨЛІМІ

ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫ
ZHUBANOV UNIVERSITY

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ

Тел.: 8 (7132) 54 39 74;
8 700 129 10 81, 8 708 628 72 89
WhatsApp: 8 747 518 35 83
Telegram: Профориентация Zhubanov University
E-mail: pk_argu_2016@mail.ru
Instagram: zhubanov.university
zhubanov_pressa
Facebook: proforientator.arsu

МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША КЕҢЕС БЕРУ


Педагогика факультеті Исембаева Н.Ж 87077737655	Тарих факультеті Сулейменова Г.Ж 87471152230
Кәсіби-шығармашылық факультеті Бекмағанбетов О.А. 87717859071	Экономика және құқық факультеті Оспанов Д.Е. 87786444468
Филология факультеті Имашева И.А. 87053351757	Техникалық факультеті Адилханов Р.К. 87718423231
Жаратылыстану факультеті Бекетова Г.К. 87014646337	Физика-математика Иманчиев А.Е. 87014066747

WWW.ARSU.KZ

Abai-175

Биыл данышпан Абайдың туғанына 175 жыл толу мерекесі кең көлемде атап өтілмек. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұл туралы заңға қол қойды.

Содан бері Instagram және Facebook желілерінде Абайдың өлеңдерін оқу challenge-ді таратылды. Challenge #abai175 хештегімен белгіленген еді. Еліміздегі шоу-бизнес жұлдыздары мен шенеуніктерге дейін ұлы ақынның туындыларынан үзінді оқыды, шетелдік өнер өкілдері де тыс қалмады. Zhubanov University де аталған эстафетаны өз оқытушылары мен білім алушылары арасында қайта жалғастыруда. ЖОО-да «Абай және руханият» орталығы жұмыс істейді. Орталыққа филология ғылымдарының докторы, профессор Абат Пангереев жетекшілік етеді. Негізі 1993 жылы қоғам қайраткері, ғалым Мұхтар Арының бастамасымен «Абайтану» мұражай-кабинеті ретінде қаланған орталық қызметі университет ректоры, абайтанушы Бауыржан Ердембековтің тікелей қолдауымен жаңаша жанданды. Мұнда Абайға қатысты 60-қа жуық еңбек сақталған. Орталықта Абай шығармашылығы мен ұлттық руханиятқа байланысты, жалпы қазақ әдебиеті мәселелеріне арналған мәдени, танымдық іс-шаралар өткізіледі. Орталық Семей қаласындағы Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік қорық-мұражайымен ынтымақтастықта. Өткен жылы А.Пангереевтің жетекшілігімен университеттің бір топ өкілі Абай еліне экспедицияға барып, рухани азық алып қайтты. Абайтану ЖОО басшысы Б.Ердембековтің ғылымдағы негізгі бағыты. Ол 2009 жылы «Абайдың әдеби ортасы және ақындық мектебі» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғаған. «Абайтану» оқу құралының авторы. Бұл еңбек төте жазуға да аударылған. Ректор Абайға арналған жаңа зерттеулерін «Abai.kz» порталында жиі жариялайды. Соңғы жылдары елдің батыс өңіріндегі Zhubanov University ірі жоғары оқу орнына ректор болып тағайындалғаннан соң ғылыми шығармашылығы сәл үзіліп қалған ғалымның алға қойған мақсат-міндеттері орасан. Ол туралы профессор Б.Ердембеков өз ойларымен былайша бөліседі.



ҚАЗАҚҚА АБАЙДАН ЖАҚЫН ТҰЛҒА ЖОҚ

«Абайтанушылыққа келсек, қызметте жүріп Абайға адал бола алмай жатқаныма қын жыламын. Елді де басқарып, ғылыммен де айналысып, оқулық та жазған кезіндегі Алаш арыстарының сұрапыл қарекетіне бас шайқаймын. Абайдың әдеби ортасын зерттедім. Абайдың хатшысы Мүрсейіттің қолжазбасын ғылыми айналымға түсіргім бар. Өлеңдеріне жасалған түсініктерді бірізді қылып, толық жинақтап берсек, Абай кітапханасы деген тақырыптың көбесін сөксек деген ниет те жоқ емес. Ақынның әр өлеңінің шығу тарихын жинақтап, кітап етіп бергім келеді, әсіресе, мектеп оқушыларына.

Ал жалпы «Абай қазаққа не үшін керек» деген мәселені көтерсек, бір ғана салыстырмалы мысал айтқым келеді. Мәселен, қытай елі Конфудзы ұстанымдарын мемлекеттік идеологияға айналдырып, ұлттың ұстазы дәрежесіне көтерген. Мемлекеттік қызмет те конфудзышылдыққа құрылған. Елдегі руханият та, патриотизм де, мәдениет те, тәртіп те осы Конфудзының идеялары арқылы өріледі. Қазақта қазір ұлт ұстазы жоқ. Біз біресе, орта ғасырдағы Әл-Фарабиге, біресе

Шыңғыс ханға жармасамыз. Біле білсек, Ұлттың Ұстазы сөз жүзінде емес, іс жүзінде Абай болғанда ғана қазақ ел болып қалады. Өйткені, қазаққа Абайдан жақын тұлға жоқ».

Бүгінде Абай Құнанбайұлының жарқын бейнесі бар екі фотосурет ғана сақталған. Олар Жидебай-Берілі мемлекеттік қоры-музейінде.

Түпнұсқа суреттерді музейге Мұхтар Әуезов тапсырған екен.

«Бірінші суретте Абайдың Ділдәдан туған тұңғыш баласы Ақылбай және Абайдың өзі және Әйгерімнен туған ұлы Тұрағұл. Сурет 1896 жылы Семей қаласында түсірілген. Ұзындығы мен ені 9-13 сантиметр. Картон қағазға мұқият жапсырылған. Абай музейіне 1941 жылы 6 ақпанда №40 қабылдау акт бойынша өткізілген. Мұхтар Әуезов өзінің Алматыдағы мекенжайын көрсетіп қол қойған. Абай музейінің негізгі қор кітапшасында: «Абай с сыновьями Ақылбаем и Турагулом (подлинник). Снято 1896 году в г. Семипалатинске фотографом Н. Г. Кузнецовым. В дар музею Абая от Мухтара Омархановича Ауэзова» деп жазған.

Екінші суретте Абай отбасымен бірге Жидебайдағы үйінде. 1903 жылы түсірілген сурет. Бірінші қатарда бөрік киіп отырған қыз Пакизат пен Әубәкір. Бұл екеуі - Ақылбайдың балалары. Оспан бұл екеуін бауырына салып өсіріп, өз баласы ретінде көрген. Ортада отырған - Абай. Екінші қатарда - Мағауия, Еркежан және Әубәкірдің әйелі Камалия. Алдыңғы қатарда отырған — Тұрағұл.

Фотосуретті түпнұсқадан 1959 жылы қайта түсіріп, көшірме түрінде Абай музейіне берген — Мұхтар Әуезов. Түпнұсқасы Алматыдағы жазушының музейінде сақтаулы. Фотосуреттің ұзындығы — 23 сантиметр, ені — 13 сантиметр. Ұлы ақынның бұл тарихи екі фотобейнесі ұрпаққа қымбат мұра болып келеді.

Гүлнара Қараша



✓ Zhubanov University-85

2020 жылы ЖОО-ның 85 жылдығын салтанатты өткізу жоспарланғанын Zhubanov University ректоры Бауыржан Ердембеков 2017 жылдың қараша айында ардагер-түлектермен кездесуінде ресми жария еткен болатын.

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ТАРИХЫ -

батыс өңірінің
жоғары білімге
бет бұруының
тарихы

Кездесуге қоғам қайраткерлері Баян Бораш, Қангерей Дүйсенбаев, Қуан Камалханов, Өтеміс Акимов қатысқан еді. Олар университет Нұрпейіс Байғанин атындағы пединститут болған кезде оқыған.

Ардагер-түлектермен университеттің жақын болашақтағы мақсат-міндеттерімен бөліскен ректор әңгіме барысында: «ЖОО тарихы сіздер оқыған жылдардан бұрын, 1935 жылдан басталған, сондықтан алдағы 85 жылдық мерей тойын атап өтетін боламыз... Сіздер үшін университет есігі қашанда ашық, келіп тұрыңыздар», - деген еді. Сол межелеген уақыт жақындап қалды. Алдағы қыркүйекте болатын мерейлі мереке бір күндік шара түрінде өтпес үшін «85 жылдыққа — 85 іс-шара» деген үндеумен түрлі бағытта жұмыстар атқарылууда.

Ең ауқымдыларын атап кетсек. «Жұбанов кітапханасы» сериясымен 85 үздік кітап шығару, 85 авторлық патент алу, 85 ғылыми жоба жасау, университет музейіне 85 құнды жәдігер тапсыру, университет профессор-оқытушыларының қаламынан шыққан 85 үздік ғылыми туындыларды ғылыми кітапханаға тарту ету, 85 үздік әріптес кәсіпорынды, 85 үздік қызметкер мен 85 үздік білім алушыны анықтау, талапкерлерге «Жұбанов» атындағы 85 грант бөлу, 85 үлгілі еріктілер шарасын өткізу. Бұл шаралардың біразы жүзеге асырылды.

«Бүгінде Жұбанов атындағы қара шаңыраққа 85 жыл. Өз дәрежесінде аталып жатыр. Осы 85 жылдық датаға



байланысты бір мәселені түсіндіріп кетейін. Еліміздің шығысында, Алматыда жоғары оқу орындары ашылып жатқан тұста, 1935 жылы Ақтөбеде де педагогикалық институт ашылған-ды. Бірақ, қандай да бір себептермен жиырма жылдан астам уақыттан кейін, яғни 1958-1966 жылдары оқу орны уақытша жабылды. 2006, 2016 жылдары осы қайта ашылған уақыттан бастап, университеттің 40 және 50 жылдықтары аталып өтті.

Дұрыс, аталуы керек. Бірақ, 85 жылдық — сол мерейлі даталарды жоққа шығару емес, тарихымызды түгендеу, жоғымызды табу. Университеттер ғана емес, кезінде ХҮІІІ ғасырдан басталып жүрген қазақ әдебиетінің тарихын да М.Мағауин бастаған ғалымдар

ежелгі дәуірге ілгерілеткені көзі ашық қауым біледі. Сондықтан да тарих бір орында тұрмайды, архив құжаттары табылып, сараланып, университет тарихын ілгерілетіп жатсақ, одан қара шаңырақ ұтылмайды. Демек, 1935-1958 жылдар аралығындағы 23 жылдық оқу орнының тарихын архивке көміп қою жарамас. Жұбанов атындағы оқу орнының тарихы Өл-Фараби атындағы, Абай атындағы, Шәкәрім атындағы, тарихы сексен жылдан асқан білім ошақтарының тарихымен деңгейлес екенін әрбір жұбановтанушы мақтанышпен айтуы керек. Біле білсек, бұл — университеттің ғана тарихы емес, батыс өңірінің, Ақтөбенің жоғары білімге бет бұруының тарихы», — дейді ректор.

Әлемдік коронавирус пандемиясы кезінде 85 жылдық мерекеге орай белгіленген жұмыстар тоқтатылған жоқ. Online режимінде жалғасуда.

Гүлнара Дауылбайқызы



БАЙҚАУ ЖҰБАНОВ МАРШЫ

ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 85
ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ

Толығырақ Телеграм каналда:
ZHUBANOV.UNIVERSITY

@ZHUBANOV.UNIVERSITY

☑ Ramazan-2020

Айлардың сұлтаны — Рамазан да келіп жетті. Сәуірдің 23-нен 24-не қараған түні тарауық намазы оқылып, таң алдында күллі мұсылман қауымы ауыз бекітіп, құлшылығын бастады. Рамазанға дейін облыстық дін істері басқармасы орталық «Нұрғасыр» мешітімен бірге корона-вирус пандемиясына байланысты жағдай кезінде қасиетті Рамазан айында ғибадат ету ерекшеліктері бойынша БАҚ арқылы және әлеуметті желілерде түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Ақтөбе өңірінде 69 мешіт жұмыс істейді. Бәрі қалыптасқан ахуалға орай жабық режимде қызметтерін жалғастырып жатыр. Еліміздегі төтенше жағдай кезінде жұма намазын жамағатпен оқу тоқтатылған. Қалған күндері мешіттер есігі ашық. Алдын ала мешітке келушілер саны турасына мониторинг жасалған. Анықталғандай індет кезінде мешітке келушілер азайған. Тек жұма намазына жамағаттың көп жиналуы азаймаған. Сол себепті, карантин талаптарын бұзбау қажеттілігінен жұма намазын жамағатпен оқуды тиюға шешім қабылданған. Пандемия Алла үйіне тағы қандай өзгерістер енгізуге мәжбүрледі, биылғы ораза айындағы ғибадаттар қалай орындалады деген сияқты алуан сұрақтар туындауы заңдылық. Облыстың бас имамы Төлеби Оспан-ның пандемия жағдайында өткелі тұрған шуақты Рамазан жайлы баянын («Ақтөбе» телеарнасында тікелей эфирде өткен «Індет пен міндет» хабары негізінде) оқырман қауымына жеткізуді жөн көрдік.



Төлеби ОСПАН:

Рамазан айы жақындаған сайын жамағаттан сауалдар көбейе бастады. Бұл қатерлі індет әлемді жайлап, жайпап бара жатқан қысылтаяң шақта да халық мұсылмандық парызын ұмытпай, құрметті айды асыға күтіп отырғанын білдіреді. Бұл айда іске асуға тиіс ғибадаттар бар. Соның ішінде көпшілікті аса алаңдатқаны тарауық намазына қатысты сұрақ. Өкініштісі, осы тарауық намазы бұрынғыдай жамағатпен бірге сап түзеп тұрып оқылмады. Әркім өз үйінде оқуға кеңес берді. Құранхаттың түсіруді онлайн режимінде ұйымдастырдық. Қасиетті Мекке жабылып, жұрт қажылыққа бара алмай жатқанда бұл амалдар төзімді. Қатты қапаланудың қажеті жоқ. Бастысы — түзу ниет.

ТЖ кезінде мешітке барлық санитарлық талаптар сақталынған. Дезинфекция жұмыстары өткізіледі. Бетперде, қолғап кию, антисептик қолдану қадағаланады. Мешіт қызметкерлері ақысыз демалысқа жіберілді. Қазіргі

жүргізіліп жатқан жұмыстарға жұмылдырылған қажет мамандар ғана қалды. Рамазан айында карантин ережелерін сақтамай мешітке келушілер қатары көбейсе, күндіз де жабуға тура келеді.

Қазақстанның бас мүфтиі Наурызбай қажы Тағанұлы төралқа жиынын өткізіп, рамазан айына қатысты даталарды жария етті. 24 сәуір Рамазан айының алғашқы күні болып бекітілді. Бұл халықаралық астрономиялық зерттеу орталықтарының мәліметіне сәйкес және Мысыр, Түркия, Ресей, көршілес Қырғызстан, Өзбекстан мүфтияттарының мәліметтерін ескере отырып, тоқталған күн. Ал 19-нан 20-на қараған мамыр Қадыр түні, 24 мамыр — Ораза айт мерекесі деп белгіленді.

Енді ауыз ашар дастархандары туралы. Өрине, Рамазан айында үйіне қонақ шақырғысы келетіндер көп. Қазіргі жағдайда ауыз ашар дастарханына арналған қаражатты шақырғысы келетін адамдарға беруге болады. Сол арқылы сауапқа көнеледі.

Рамазан айындағы басты ғибадаттың бірі — пітір садақа беру. Биыл пітір садақа мөлшері кісі басына 370 теңге деп белгіленді. Бұл сома республика бойынша ұнның нарықтық орташа бағасымен шығарылған. Пітірдің басқа да дәнді дақылдармен беретін түрлері бар. Ол да есептеліп, ұсынылып отыр. Мүмкіншілігі бар адамдар болады. Олар 370 теңгемен шектеліп қалмай, мейізбен беремін десе, кісі басына 3920 теңге, ал құрмамен есептесе 9400 теңге бір кісіге шығады екен. Енді осы пітір садақаны беру кімдерге міндет? Бұған ҚМДБ өзінің жариялаған мәліметінде жауап берді. Кімнің қалтасында 127 мың теңге бар болса, ол адамға пітір садақа беру міндеттеледі. Ал өзі мұқтаж болса, айталық қазіргі ТЖ кезінде жұмыссыз отырса пітір садақа беру міндеттелмейді. Әлемдік коронавирус инфекциясының пандемиясы кезінде ҚМДБ пітір садақа берудің бірнеше тәсілін ұсынып отыр. Бұрынғыдай мешітке келіп, пітір садақа салып, құран оқытуға мүмкіншілік болмайды. Сондықтан пітір садақа бе-

ру биыл үш жолмен беріледі.

1. Жұмыс жасап отырғандарында мешіттерге қойылады.

2. ҚМДБ Каспийге келісімге келіп, Каспий сымшасынан арнайы садақалар қабылдайтын ішінен тарау ашты. Бойынша ірі орталық шоты енгізілген. Сонымен арналған төлемдер беріледі.

3. Әркімде Каспий сымшасы бола бермей, мешіттер, әсіресе алдына жәшік қойып, құран оқитын молда өз келіп, пітір садақалып кете алады. Осы кім келетіні, қазіргі жағдайда ауылда жинайтын белсенділер Олар пітір садақаді жағдай түрлі, мысалға тағы басқа шараларынын айтып, әрбір нағы жылдары он



ni aŭ - Pasmazant

алды. Пітірді кез келген бағытта жұмсауға болмайды. Оның мақсатты жұмсалатын орындары бар. Сондықтан тұрғындар ҚМДБ ұсынған тәсілдерді қолдануын сұраймыз. Ұтымды сәтті пайдаланып, неше түрлі қайырымдылық қорлары да көбейіп кетеді. Олардың қайырымдылығының адресаттарға жету-жетпеуін қадағалай алмаймыз. Егер туған-туыс арасынан, көрші-қолаң ішінен тұрмыстық мұқтаж көріп отырған адам болса пітір садақаны соған беруге болады. Карантин жағдайында карточкасына аударуға да рұқсат. ҚМДБ берілетін садақалардан түсетін қаражатқа жауапты ұйым болғандықтан ешкімге алаңдамай, жаңа атап өткен жолдар бойынша берген жөн. Өйткені садақаларды бөліп, тиісті орындарға жеткізу, үйлестіру жұмыстарын атқаруға жауапты әр аймақта орталық мешіттер бар.

Келесі қасиетті айға қатысты тағы бір ғибадат - зекет беру. Зекетті Рамазан айында берудің игілігі зор. Сондықтан адамдар ораза кезінде бергісі келеді. Зекет мөлшері де шығарылды. Қолында 1млн. 120 мың теңгесі бар адам оның 2,5 пайызын мұқтаждарға зекет ретінде беруі міндеттеледі.

Зекетке кеңірек тоқталсам, оның да Құранда көрсетілген ережелері бар. 8 түрлі санаттағы жәрдемге зәру адамдарға беріледі. ҚМДБ жанынан «Зекет қоры» құрылған. Оның әр өңір-де өкілдері жұмыс жасайды. «Нұрға-сыр» мешітінде де отыр. Қала ішіндегі басқа мешіттер мен ауыл мешіттерін-де зекетке жауапты қызметкерлер бар. Пітір садақа сияқты зекетті де әр адам өзі мұқтажға беруіне болады. Зекет жинайтын да науқандық жарылқау-шылар шығады. Олардан сақ болу-ды сұраймыз. Ең сенімдісі «Зекет қо-рына» садақа сомасын аудару. Қорда жиналған қаражатты Діни басқарма мұқтаждарға бөліп береді.

Міне, осы бағаларды, шариги үкімдерді, даталарды Қазақстан Мұсылмандар Діни басқармасы әлеуметтік парақшаларында ресми түрде жариялады.

Оразаны алғаш ұстайтын адамдарда сұрақ өте көп болады. Сондықтан «Рамазан» мобильді қосымшасын іске қостық. Онда оразаға байланысты барлық сұрақтарға анықтама бар. Мобильді қосымшаны республика бойынша пайдалануға болады. Онлайн режимде жұмыс істеу бізге осындай цифрлық ілгерілеуге жол ашып жатыр. Өрине әлемжелідегі Инстаграм,

Фейсбук парақшаларымызда, орталық мешіттің ресми сайтында барлық ақпараттар орналасқан. Ораза кестесін де діни басқармалардың әлеуметтік парақшаларынан алған дұрыс. Өйткені ораза кестесін өз тауарлары мен қызметтерін жарнамалаушылар таратуы мүмкін, ондай кестелердің дұрыстығына кепіл бола алмаймыз.

Сондықтан тек ресми ақпараттарға жүгінген дұрыс.

Ораза ұстаушылар әсіресе таң ала тұрып, сәресін ішу үшін қиналады. Дегенмен, сәрені ішкен дұрыс. Себебі, ауыз ашу уақыты біраз ұзақ. Бір жағынан сәре ішпей жүру денсаулыққа әсер береді, адам ашушаң болады, күндіз қарны ашады. Ал кешке уақыт болғанда бірден тамақтанбай, кішкене кідіріп, ауызды су не құрмамен ашқан пайдалы. Араға 10 минут салып тамақтануға болады. Бұл да денсаулыққа зиян болмас үшін айтылған кеңестер.

Ораза ұстаудан өте қарт адамдар мен созылмалы ауруы бар сырқаттар босатылады. Олар парызын пидия беру арқылы өтей алады. Пидия құны бір адамға 1700 теңге. Бұл сома біздегі бір адамның таңертеңгі және кешкі асына кететін шығынның еліміз бойынша орта есебінен құрылған. Пидия бір күнде 60 адамды тамақтандыру немесе бір адамды 30 күн бойы таңертең және кешке тамақтандырумен өтеледі. Ораза ұстау 10-14 балиғат жасына келген әр адамға міндетті.

Ораза ішке кіретін нәрселермен ғана бұзылады. Ал дәрі-дәрмек сыртқа қолданылса, мысалы көзге тамшы құю, жақпа май жағу т.б сияқты, бұзылмайды. Сондай-ақ қазіргі заманда қыз-келіншектер макияж жасау, тырнақ, кірпік өсіру, шаш бояу секілді қызметтерді пайдаланады. Олар да ораза бұзбайды. Дегенмен Рамазан — рухани ғибадат айы. Ораза ұстаушылардың да болмысы, әрекеттері соған сай болып, Рамазан айына деген шын ниеті мен құрметі сезіліп тұрғаны әдемі.

Тарихта Пайғамбар өмір сүрген дәуірде де індеттер болған. Хадистерінде бір жерден оба шықса, «ол жерге бармандар, егер өзің отырған жерден шықса, ол жерден шықпандар» деген есиеті бар. Одан кейінгі хазіреті Омардың кезіндегі жұтты еске алайық. Жұт кезінде айналасындағылар Мәдина қаласына ағылған. Оларды хазіреті Омар қазан-қазан тамақ асып, асыраған. Бір тамшы жаңбыр жаумай, жерге көк шықпай, мал союға жара-

май қалады. Хазіреті Омар Мысыр сияқты мұсылман елдерінің басшыларына хат жазып, олардан 1000 түйе көмек келеді. Одан Шам қаласында індет тарап, 30 мыңға тарта адам қайтыс болады. Осы індеттер кезінде мұсылмандар ауызбіршілікті болған. Қала басшысы «Індет от сияқты, халық отын сияқты. Егер отын болмаса от сөнеді. Сондықтан халық тарау керек. Тауға кетіндер». -дейді. Осы мысалдардан ұғатынымыз індет кезінде қажеттісі — ауызбіршілік пен оқшаулану.



Рамазан айы алдында облыстық маслихат депутаттарының бастама-сымен 99 мүгедек балаға Рамазан базарлығын апардық. Алланың 99 көркем есімін дәріптеу мақсатында. Әр балаға 22 түрлі азық түрі салынған қорап жеткізілді, барлығы 2 млн-нан аса қаржы жұмсалды. Бұл сауапты іс жалғасын табатынына сенемін. Сын сағатта жасалған игі амалдар адамзатқа қорған болады.

Бүгінгі ахуалға түсіністікпен қарап, Рамазан айын үйде, бала-шағамыздың қасында болып, біріміз әке, біріміз ана ретінде отбасы ынтымағын нығайтып, береке-бірлікте өткізсек ғанибет қой.

Шариғатта мұсылманның басына түскен кез келген жағдай — хикмет делінеді. Ол осы жағдайды өзіне ыңғайлап алуы керек. Қиындыққа қынжылып, уайымға салынбай, керісінше әр қиындықтан жақсылық іздеуі қажет. Сондықтан осы оқшауланудан, карантиннен жақсылық іздейік. «Алла маған осы хикметті отбасыма көбірек көңіл бөлу үшін берген шығар» деп қабылдаған жөн. Оразаларыңыз қабыл болсын!».

Гүлнара Дауылбайқызы

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

НЗМ ТҮЛЕГІ —
ЕКІ ЖОО СТУДЕНТІ

Ақтебе қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12 сынып оқушысы Балғазов Аңсар Ресейдің Ұлттық зерттеу университеті Экономика жоғары мектебінің «Халықаралық қатынастар» мамандығының білім грантына ие болды.

Оқушы аталмыш оқу орнына ағылшын тілі және дүние жүзі тарихы пәндерінен емтихан тапсырып, қажетті құжаттарды жинақтап, сұқбаттасудан сәтті өтті. Сонымен қатар ол бір мезгілде Италияның «Ca' Foscari» мемлекеттік университетінің «Кәсіпкерлік саласындағы бизнесті басқару» мамандығы бойынша да оқуға қабылданды.

Аңсар Балғазов үздік оқумен қатар, қоғамдық міндеттерді белсенді атқарып келеді. Ол — мектеп президенті, өнерлі, әлеуметтік жобалар көшбасшысы. АҚШ-тың Калифорния штатындағы Стэнфорд университетінің жазғы мектебінде білім алып, шыңдалған жас.

ВЫПУСКНИК НИШ —
СТУДЕНТ ДВУХ ВУЗОВ

Аңсар Балғазов, ученик 12-го класса Назарбаев Интеллектуальной физико-математической школы в Актобе, получил стипендию Высшей школы экономики Национального исследовательского университета России по специальности «Международные отношения». Школьник успешно сдал экзамены по английскому языку и всемирной истории, собрал необходимые документы и прошел собеседование. Он также был принят итальянским государственным университетом «Ca' Foscari» по специальности «Бизнес-администрирование в предпринимательстве». Аңсар Балғазов является отличником и активно выполняет свои социальные обязанности. Он президент школы, лидер художественных и социальных проектов. Обучался в Летней школе Стэнфордского университета в Калифорнии, США.

NIS GRADUATE IS
A STUDENT OF TWO
UNIVERSITIES

Ansar Balgazov, a 12th grade student at the Nazarbayev Intellectual Physics and Mathematics School in Aktoke, received a scholarship from the Higher School of Economics at the National Research University of Russia in specialty "International Relations". The student successfully passed the exams in English and world history, prepared the required documents and passed an interview. He was also accepted on to the Italian State University "Ca' Foscari" to the specialty "Business Administration in Entrepreneurship". Ansar Balgazov is an exemplary student and is actively fulfilling his social responsibilities. He is the president of the school, the leader of art and social projects. He studied at the Summer School of Stanford University in California, USA.

ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА
ҚОМАҚТЫ ҚАРЖЫ БӨЛІНЕДІ

Жұбанов университеті жас ғалымдарға байқау негізінде 100 млн-нан астам қаржы бөледі. Байқау талаптары 2020 жылдың 6-10 сәуір аралығында өткізілген дәстүрлі Ғылым апталығында жарияланды. Ғылым апталығының барлық жұмысы онлайн режимінде жүрді. 100-ге жуық түрлі форматтағы шаралар: конференциялар, семинарлар, кездесулер, жәрмеңкелер т.б ұйымдастырылды. Ғылым апталығына мектеп бітірушілер де қатысты. Олар апталық барысында өткен облыстық пән Олимпиадасына қатысып, жеңімпаздары университетте 20%, 35%, 50% оқу ақысына сертификат ұтып алды. «ЖАСТАР ҒЫЛЫМ. ИННОВАЦИЯ» ғылыми конференциясына 270 жас зерттеуші мақалаларын жіберді. Лоран Этвеш атындағы Будапешт мемлекеттік университетінің, М.Ақмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік университетінің, Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің жас ғалымдары Жұбанов университетінің жас ғалымдарымен онлайн кездесіп, ғылымның дамуындағы жастар үлесі тақырыбында әңгімелесті. Ғылым апталығының соңғы күнінде өткен оқу жылы қорытындысы бойынша университет ғылымындағы үздіктердің есімдері аталды. Үздіктер факультет, кафедра, білім бағдарламасы, оқытушылар, білім алушылар арасынан анықталды.

Биылғы оқу жылы университетте Ғылым мен инновация жылы деп белгіленген болатын. Қазіргі таңда университеттің физиктері эстондық және белорустық әріптестерімен, филологтар түрік әріптестерімен, спорттық білім беру саласы мамандары поляк және орыс әріптестерімен біргелікте ғылыми жобалар бойынша жемісті еңбек етуде.

МАСШТАБНОЕ
ФИНАНСИРОВАНИЕ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

